

## **ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫ МЕМЛЕКЕТТЕРІ БАСШЫЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ 1993 ЖЫЛҒЫ 24 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ШЕШІМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 4 қаңтар  
1994 ж. N 6**

Достастық мемлекеттері басшылары Кеңесінің "Тәжікстан Республикасының Ауғанстанмен мемлекеттік шекарасы учаскесіндегі жағдайды тұрақтандыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1993 жылғы 24 желтоқсандағы Ашғабат қаласында қабылдаған шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасынан барған жиынтық батальонның Тәжікстан Республикасының Ауғанстанмен мемлекеттік шекарасы учаскесінде болу мерзімі 1994 жылдың соңына дейін ұзартылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік Комитетіне, Ішкі істер министрлігіне 1994 жылғы 20 қаңтарға дейінгі мерзімде алмастырылуға тиіс батальонның жеке құрамына алып шығу және ТМД-ның сыртқы шекарасын қорғау үшін контракт негізінде жаңа жиынтық батальон жасақтау тапсырылсын. Оны міндетін орындауы үшін 1994 жылғы 25 қаңтардан 1 ақпанға дейін Тәжікстан Республикасына кіргізетін болсын.

Жиынтық батальонның командованиесі Қазақстан Республикасы Шекара әскерлері офицерлерінің қатарынан тағайындалсын, ал басшылық жасау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара әскерлері бас басқармасына жүктелсін.

3. Достастықтың сыртқы шекарасын қорғау, Тәжікстан Республикасының Ауғанстанмен мемлекеттік шекарасы учаскесіндегі жағдайды тұрақтандыру жөніндегі мемлекетаралық шарттарға, келісімдер мен шешімдерге сәйкес міндетін орындап жүрген Қазақстан Республикасы қарулы күштерінің әскери қызметшілеріне Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мемлекетаралық шарттар мен Келісімдерге сәйкес тәжік-ауған учаскесінде ТМД-ның сыртқы шекарасын күзетуді күшейту жөніндегі міндеттерді орындаушы Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне берілетін қосымша кепілдіктер және оларға өтем жасау туралы" 1993 жылғы 30 сәуірдегі N 335 P930335\_ Қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 14, 172-бап) қолданылсын.

4. Тәжікстан Республикасындағы жиынтық батальонды ауыстыру мен ұстауға байланысты шығыстар Қазақстан Республикасының жалпы мақсаттағы Қарулы

Күштерін, Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер министрлігін қаржыландыру үшін республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК